



6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

25 қазан 2012 ж.

Қазақмыс Тобының 2012 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған үшінші тоқсандағы өндірістік есебі мен менеджментінің аралық есебі

- **Өндіріс көлемі 285 тоннадан 295 тоннаға дейінгі мөлшерде катодты мыс өндірісінің жоспарлы жылдық көрсеткішіне қол жеткізуге мүмкіндік береді**
 - 2012 жылдың үшінші тоқсанында меншікті концентраттан катодты мыс өндірісі 12 пайызға артып, 2012 жылдың 2 тоқсанындағы көрсеткішпен салыстырғанда 78,5 мың тоннаға дейін өсті. Меншікті концентраттан катодты мыс өндірісті 2012 жылдың 9 айы ішінде 225,4 мың тоннаны құрады.
 - Өндіріліп шығарылған кеннен руданы және металды өндіру көлемі 2011 жылдың көрсеткіштерінен артуы жалғасып келеді
 - Қоңырат кенішін пайдалануға беру ісі сәтті аяқталды
- **Қосарлы өнімдер өндірісінің көлемі барлық металдар бойынша жылдық жоспарлы көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік беретін деңгейде сақталып отыр**
 - 2012 жылдың 9 айы ішінде концентраттағы мырыш өндірісі 112 мың тоннаны құрады
 - Қымбат металдар зауытындағы жөндеу жұмыстарының аяқталуы арқасында күміспен алтын өндірісі қалпына келіп, 2012 жылдың 9 айы ішінде тиісінше 9 004 және 89,9 мың унцияны құрады
- **Kazakhmys Power бөлімшесінің жоғарғы көрсеткіштері**
 - Екібастұздың ГРЭС-1 станциясында электр энергиясының таза өндірілімі 2012 жылдың 2 тоқсанымен салыстырғанда 3 тоқсанында 8 пайызға өсті. Бұл ішкі нарықтағы үнемі артып келе жатқан сұраныстардың есебінен, 2012 жылдың 2 тоқсанында операциялық блоктарға техникалық қызмет көрсету жұмыстарының аяқталуы нәтижесінде мүмкін болды.
 - Алтыншы энергоблокты іске қосу жұмыстары жоспарға сай жүргізілуде және жыл соңында аяқталып, электр станциясының қуаттылығын 20 пайызға, яғни 3 000 МВт-қа дейін артады.
- **Топ өзінің мықты қаржылық деңгейін сақтап отыр**
 - 2012 жылдың үшінші тоқсанында тауар-материалдық қорлардың қысқаруынан сату көлемі өсті
 - Операциялық іс-қызметтен түскен қаржы ағыны таза берешек деңгейіне оң әсер етті. Таза берешек мөлшері 2012 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 462 млн АҚШ долларын құрайды.

Басқарушы бас директор Олег Новачук былай деп түсінік берді: “Өндіріс көлемі өсіп келеді және ол біз жыл басында межелеген жылдық жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін деңгейде тұрақталды. Энергетикалық бөлімшеміз еліміздің ішкі энергетикалық нарығындағы тұрақты сұраныстың арқасында өндіру мөлшерін ұлғайта отырып, жоғары көрсеткіштер көрсетіп келеді. Мыс өндірісінің нәтижесі тәуір және өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларымызды жүзеге асыру жұмысы табысты жалғасын табуда. Біз жыл соңында өз қызметіміздің нәтижесін ұсынуға әзірміз.”

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

Қазақмыс Тобы

Джон Смэлт	Лондондағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +44 20 7901 7882
Мария Бабкина	Лондондағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысының орынбасары	Тел: +44 20 7901 7849
Айрин Бэртон	Лондондағы Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +77 27 3304 556

College Hill

Дэвид Саймонсон	Тел: +44 20 7457 2031
Анка Спиридон	Тел: +44 20 7457 2842

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 16 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

Kazakhmys Mining бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

Kazakhmys Power Қазақстандағы ең ірі электростанциялардың бірі болып табылатын Экібастұз ГРЭС-1 көмір электростанциясының 50%-дық үлесіне ие. Электростанцияда модернизациялау бағдарламасы қолға алынған және соның ішінде қазіргі уақытта өндірістік қуатын 3 000 МВт жеткізуге мүмкіндік беретін алтыншы энергоблок іске қосылайын деп жатыр. Жаңалау бағдарламасы аяқталған соң, ЭГРЭС-1 4 000 МВт. болатын өзінің жобалық қуатына жетеді. Kazakhmys Power бөлімшесінде Kazakhmys Mining бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2011 жылы Топтың ағымдағы қызметінің кірісі 3,6 млрд. долларды, ал операциялық кірісі 1,2 млрд. долларды құрады. Топта шамамен 60 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.